

Ұмытылмас асыл бейнең...

Осындай тақырыпта ардагер ұстаз, белгілі музыка маманы, марқұм Әмина Сарманқызын еске алу кеші ұйымдастырылды.

Арқалық қалалық мәдениет сарайы ұйымдастырған шараны №2 ОГӘК, «Өнер» бөлімінің меңгерушісі, ардагерлер жанынан жұмыс жасайтын, «Қазына» ансамблінің мүшесі Әлия Қарсақбайқызы әсерлі етіп жүргізеді.

Арқалық қаласы әкімінің орынбасары Түбекбай ӘУБӘКІРОВ өңірміздің музыка, өнер саласында өзінің өшпес қолтаңбасын қалдырған Әмина Сарманқызының ерен еңбегі жайлы айтып, марқұмның әріптес, замандас, шәкірттері естеліктермен бөлісті.

Әмина САРМАНОВА 1959 жылы Байғәбыл жеті жылдық мектебін аяқтап, сол жылы Мендіқарадағы бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын педагогикалық училищесіне түсіп, 1963 жылы бітіреді. Одан соң Бақытжан БАЙҚАДАМОВТЫҢ бастамасымен Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық институты жанынан жаңадан ашылып жатқан музыка факультетіне Бақытжан ағаның ықпалымен түсіп, 1967 жылы институтты ойдағыдай аяқтаған соң, жас маман арнайы жолдамамен Арқалық музыка мектебіне мұғалім болып келген. 1961 жылы Іргетасы қаланған музыка мектебі



Торғай облысы ыдырағанға дейін жемісті жұмыс жасады.

Саналы тұмырын өнер жолына арнаған Әмина апай 60 баладан тұратын хор ұжымын ұйымдастырады. Кейіннен, Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты жанынан алғашқы жылдары құрылған 108 адамдық хор ұжымын ұйымдастырып, оған жетекшілік жасаған. 1997 жылдан 2013 жылға дейін зейнеткерлікке шыққанша Нәзипа Құлжанова атындағы педагогикалық колледжде музыка пәнінен дәріс берді. Ол кісі жайында жүргізуші: «Қаламыздағы ардагерлер арасынан құрылған «Қазына» ансамблінің «халықтық хоры» атағын алуына да үлкен еңбек

сіндірген – Әмина апай болатын! Жарты ғасырға жуық ұстаздық жолда қаймықпаған, зейнеткерлік жасқа шыққанымен де өнерге деген шексіз сүйіспеншілігін ары қарай қаламыздың ардагерлері жанынан құрылған «Қазына» ансамблінің хорына жетекшілік жасап, өзінің бойында бар мүмкіндігін өнер жолына берген, аяулы ана, сүйікті жар, Облыстық, қалалық білім бөлімдерінің бірнеше мәрте марапат, алғыс хаттарының иегері, ардақты ұстаз, 2015 жылы қаламыздың «Жыл адамы» атанған, музыка маманы, ардагер ұстаз Әмина Сарманқызын еске алып, қиастықпен, сыйластықпен, сағынышпен еске аламыз», - деп атап өтті.